




АКАДЕМИЯ НАУК  
КАЗАХСКОЙ ССР

**Алькей**  
**Хаканович**  
**МАРГУЛАН**



БИБЛИОГРАФИЯ УЧЕНЫХ КАЗАХСТАНА





*A. M. ...*





Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясына материалдар

ӘЛКЕЙ  
ХАҚАНҰЛЫ  
МАРҒҰЛАН

ҚАЗАҚ ССР-інің «ҒЫЛЫМ» БАСПАСЫ

АЛМАТЫ • 1984

Материалы к биобиблиографии ученых Казахстана

АЛЬКЕЙ  
ХАКАНОВИЧ  
МАРГУЛАН

ИЗДАТЕЛЬСТВО «НАУКА» КАЗАХСКОЙ ССР

АЛМА-АТА. 1984

**Б а с р е д а к т о р**  
**Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі**  
**З. А. Ахметов**

**Жауапты редактор**  
**Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі**  
*Ж. М. Әбділдин*

**Құрастырушылар:**  
*Ш. Н. Көлбаева, Д. Н. Қазбекова*



**Главный редактор**  
**академик Академии наук Казахской ССР**  
**З. А. Ахметов**

**Ответственный редактор**  
**академик Академии наук Казахской ССР**  
*Ж. М. Абдильдин*

**Составители:**  
*Ш. Н. Кульбаева, Д. Н. Казбекова*

© Издательство «Наука» Казахской ССР, 1984

## О Қ Ы Р М А Н Д А Р Е С І Н Е

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиялары сериясының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, көрнекті ғалым, археолог, этнограф, шығыстанушы, тарихшы, әдебиетші Әлкей Хаканұлы Марғұланға арналған.

Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен қызметін сипаттайтын мәліметтер, оның жариялаған еңбектері және ол туралы әдебиеттер енгізілген.

Көрсеткіш материалы хронологиялық тәртіппен орналасқан, әр жылдың көлемінде алфавит ретімен: алдымен қазақша, одан кейін орысша, одан әрі басқа тілдерде жарияланған еңбектері беріліп отыр.

Еңбектердің алфавиттік және бірлесіп жазған авторлардың есім көрсеткішінде сілтемелер хронологиялық көрсеткіштегі еңбектердің реттік санында берілген.

## К ЧИТАТЕЛЯМ

Предлагаемый указатель — продолжение серии библиографий ученых Казахстана — посвящен академику Академии наук Казахской ССР, доктору филологических наук, профессору, заслуженному деятелю науки Казахской ССР, видному ученому во многих областях знаний — археологии, этнографии, востоковедении, истории, филологии — Алькею Хакановичу Маргулану.

Библиография включает материалы, характеризующие жизнь и деятельность ученого, его публикации и литературу о нем.

Материал в указателе расположен в хронологическом порядке, в пределах каждого года — по алфавиту: сначала идут работы, опубликованные на казахском языке, затем на русском и далее — на других языках.

В алфавитном указателе трудов и именном указателе соавторов ссылки даются на порядковые номера работ, помещенных в хронологическом указателе трудов.



## ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ Ә. Х. МАРҒҰЛАНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Әлкей Хақанұлы Марғұлан 1904 ж. 11 майда Павлодар облысы, Баянауыл ауданының (бұрынғы Ақбеттау болысы) № 2 ауылында туған.

1915 ж. Баянауылда үш кластық орыс мектебіне түсті.

1919—1920 жж. Павлодар қаласындағы мұғалімдік курста оқиды.

1920—1921 жж. Баянауыл аудандық I-дәрежелі екінші Далбы мектебінде мұғалім болды.

1921—1925 жж. Семейдегі педагогикалық техникумның тыңдаушысы. «Таң» журналы мен «Қазақ тілі» газетінің редакцияларында қызмет атқарды.

1925—1929 жж. Ленинградтағы Шығыс институтының филология факультетінің студенті.

1926—1927 жж. СССР Ғылым академиясының Одақтас және автономиялық республикаларды зерттеу жөніндегі ерекше комитеті Қазақстан және Алтай экспедицияларының жұмысына қатынасты.

1930—1931 жж. Қазақ ССР Оқу ағарту комиссариатының жанындағы терминологиялық комиссияның ғылыми секретары.

1931—1934 жж. Ленинградтағы Мемлекеттік материалдық мәдениет тарихы академиясының аспиранты.

1931—1935 жж. Шығыс институтының оқытушысы.

1936—1938 жж. Москвадағы материалдық мәдениет тарихы институтының стажеры және ғылыми қызметкері.

1939—1941 жж. СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы Тарих институтының аға ғылыми қызметкері.

1941—1946 жж. СССР ҒА Қазақ филиалы Тарих, бөлімі меңгерушісі.

1942 ж. Қазақ ССР Жоғарғы Советі грамотасымен наградталды.

1943 ж. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Хандар жарлығының тарихи маңызы» деген тақырыпта диссертация қорғады.

**1944 ж.** Қазақ ССР Жоғарғы Советі грамотасымен наградталды.

**1945 ж.** «1941—1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен наградталды.

— Филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін «Қазақ халқының эпикалық жыр-дастандары» деген тақырыпта диссертация қорғады.

**1945 ж.** СССР Ғылым академиясының Құрмет грамотасымен наградталынды.

**1946 ж.** Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды.

**1946—1947 жж.** Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының археология секторының меңгерушісі.

**1947—1950 жж.** Қазақ ССР Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтының археология секторының палеолит бөлімінің меңгерушісі.

**1950—1951 жж.** Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының археология секторының меңгерушісі.

**1951—1953 жж.** Қазақ ССР Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтының аға ғылыми қызметкері.

**1953—1955 жж.** Қазақ ССР Ғылым академиясының Архитектура, құрылыс және құрылыс материалдары институтының аға ғылыми қызметкері.

**1955 ж.** Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен наградталды.

**1955—1958 жж.** Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының аға ғылыми қызметкері.

**1958—1976 жж.** Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының этнография бөлімінің меңгерушісі.

**1958 ж.** Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі (академигі).

**1960 ж.** Профессор атағы берілді.

**1961 ж.** Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері атағы берілді.

**1964 ж.** Қазақ ССР Жоғарғы Советі Құрмет грамотасымен наградталды.

**1967 ж.** «Орталық Қазақстанның көне мәдениеті» атты монографиясы үшін Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Қазақ ССР Ғылым академиясының сыйлығына ие болды.

**1967 ж.** Ленин орденімен наградталды.

**1970 ж.** «Ерлік еңбегі үшін. Владимир Ильич Лениннің туғаны-а 100 жыл толуы құрметіне» медалімен наградталды.

**1973 ж.** Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет Грамотасымен наградталды.

**1974 ж.** Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

**1976 жылдан** Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының этнография бөлімінің аға ғылыми қызметкері.

**1982 ж.** Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

**1984 ж.** Халықтар достығы орденімен наградталды.



## ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АКАДЕМИКА АКАДЕМИИ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР А. Х. МАРГУЛАНА

Алькей Хаканович Маргулан родился 11 мая 1904 г. в ауле № 2 Акпеттинской волости, ныне Баянаульский район Павлодарской области.

1915 г. Поступил в трехклассную русскую школу.

1919—1920 гг. Учился на учительских курсах в г. Павлодаре.

1920—1921 гг. Учитель 2-й Далбинской школы I ступени в Баянаульском районе.

1921—1925 гг. Слушатель Семипалатинского педагогического техникума и сотрудник редакций журнала «Таң» и газеты «Қазақ тілі».

1925—1929 гг. Студент филологического факультета Восточного института г. Ленинграда.

1926—1927 гг. Принимает участие в Казахстанской и Алтайской экспедициях Особого комитета по исследованию союзных и автономных республик АН СССР.

1930—1931 гг. Ученый секретарь Терминологической комиссии Казнаркомпроса, г. Алма-Ата.

1931—1934 гг. Аспирант Государственной Академии истории материальной культуры (ГАИМК) в г. Ленинграде.

1931—1935 гг. Преподаватель Ленинградского восточного института.

1936—1938 гг. Стажер, научный сотрудник Института истории материальной культуры АН СССР, г. Москва.

1939—1941 гг. Старший научный сотрудник Института истории Каз ФАН СССР.

1941—1946 гг. Заведующий сектором истории Каз ФАН СССР.

1942 г. Награжден Грамотой Верховного Совета Казахской ССР.

1943 г. Защитил диссертацию на соискание ученой степени кандидата исторических наук на тему «Историческое значение ярлыков и пайцзе».

1944 г. Награжден Грамотой Верховного Совета Казахской ССР.

1945 г. Награжден медалью «За доблестный труд в Великой Отечественной войне. 1941—1945 гг.».

— Защитил диссертацию на соискание ученой степени доктора филологических наук на тему «Эпические сказания казахского народа».

— Награжден Почетной грамотой АН СССР.

1946 г. Избран членом-корреспондентом АН КазССР.

1946—1947 гг. Заведующий сектором археологии Института истории, археологии и этнографии АН КазССР.

1947—1950 гг. Заведующий отделом палеолита сектора археологии Института истории, археологии и этнографии АН КазССР.

1950—1951 гг. Заведующий сектором археологии Института истории, археологии и этнографии АН КазССР.

1951—1953 гг. Старший научный сотрудник Института истории, археологии и этнографии АН КазССР.

1953—1955 гг. Старший научный сотрудник Института архитектуры, строительства и стройматериалов АН КазССР.

1955 г. Награжден Почетной грамотой ЦК ЛКСМ Казахстана.

1955—1958 гг. Старший научный сотрудник отдела археологии Института истории, археологии и этнографии АН КазССР.

1958—1976 гг. Заведующий отделом этнографии Института истории, археологии и этнографии им. Ч. Ч. Валиханова АН КазССР.

1958 г. Избран действительным членом (академиком) АН Казахской ССР.

1960 г. Присвоено звание профессора.

1961 г. Присвоено звание заслуженного деятеля науки Казахской ССР.

1964 г. Награжден Почетной грамотой Верховного Совета Казахской ССР.

1967 г. Удостоен премии АН КазССР им. Ч. Ч. Валиханова за книгу «Древняя культура Центрального Казахстана».

1967 г. Награжден орденом Ленина.

1970 г. Награжден медалью «За доблестный труд. В ознаменовании 100-летия со дня рождения В. И. Ленина».

1973 г. Награжден Почетной грамотой Президиума АН КазССР.

1974 г. Награжден орденом Трудового Красного Знамени.

С 1976 г. Старший научный сотрудник отдела этнографии Института истории, археологии и этнографии им. Ч. Ч. Валиханова АН КазССР.

1982 г. Стал лауреатом Государственной премии Казахской ССР.

1984 г. Награжден орденом Дружбы народов.

## ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ Ә. Х. МАРҒҰЛАНЫҢ ҒЫЛЫМИ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ШОЛУ

1984 жылдың май айында Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, белгілі ғалым-археолог, этнограф, шығысты зерттеуші, тарихшы, филолог Әлкей Хақанұлы Марғұланның туғанына 80 жыл, ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметіне 60 жыл толды.

Ә. Х. Марғұлан 1904 жылы 11 майда Павлодар облысы, Баянауыл ауданы бұрынғы Ақбеттау болысының № 2 ауылында кедей шаруа семьясында дүниеге келді. Алғашқыда ауылдық мектепте оқып, бастауыш білім алды. 1915 ж. Баянауылда ауылдық қоғам ұйымдастырған үш кластық орыс мектебіне түсті. 1919 жылдың соңында Павлодар қаласындағы мұғалімдік курсқа түсіп, оны 1920 жылы бітіргеннен кейін туған аулына қайта оралып, 1-дәрежелі 2-Далбы мектебінде мұғалім болып істеді. Білімнің әлі де жеткіліксіздігін сезген ол 1921 жылы Семейдегі педагогикалық техникумға түсіп, оны 1925 жылы ойдағыдай бітіріп шықты.

Семейде оқып жүрген кезінде Әлкей Хақанұлы «Таң» журналы, «Қазақ тілі» газетінің редакцияларымен тығыз байланыста болып, олардың тапсырмаларын орындап тұрды. Семей қаласында ол Мұхтар Омарханұлы Әуезовпен танысып, олардың қалтқысыз достығы ұзақ жылдарға созылды. 1925 жылы М. О. Әуезовтің ақыл-кеңесі бойынша Ә. Х. Марғұлан Ленинградқа барып, ондағы Шығыс институтының филология факультетіне оқуға түседі. Бұл институтта оқи жүріп, ол Ленинград университеті мен Өнер тарихы институтында лекциялар тыңдайды. Ә. Х. Марғұланның ұстаздарының қатарында еліміздің көптеген белгілі ғұлама-ғалымдары болды. Оның ішінде әсіресе Орта Азия тарихы мен археологиясы жайында академик В. В. Бартольдтың, Индия фольклоры мен өнері туралы академик С. Ф. Ольденбургтың, араб тарихи әдебиеті туралы академик И. Ю. Крачковскийдің, тіл білімінің тарихы мен теориясы туралы



академик Н. Я. Маррдың, Орта Азиядағы түркі халықтарының әдебиеті жайында академик А. Н. Самойловичтың лекциялары, сонымен бірге академиктер: В. В. Струве, Б. Я. Владимирцов, И. И. Мещанинов, В. Л. Щерба және Е. Э. Бертельс, С. Е. Малов, Б. М. Эйхенбаум сияқты белгілі ғалымдардың мазмұнды лекциялары Ә. Х. Марғұланның жан-жақты, терең білім алуына көмектесіп, ондағы ғылымға деген өлшеусіз құштарлықты оятты.

Ленинградта оқи жүріп, Ә. Х. Марғұлан сан ғылымдар негіздерін жете меңгерумен бірге қазақ халқының тарихы мен мәдениетін жан-жақты зерттеп, қыруар әдеби және архив деректерін жинады. Осы жылдарда ол көркем әдебиет саласында да біраз іс тындырды. Оның аудармасы бойынша қазақ қауымы орыстың және шетел жазушыларының көркем шығармаларымен танысты.

1926—1927 жылдары ол СССР Ғылым академиясының одақтас және автономиялық республикаларды зерттеу жөніндегі Ерекше комитеті академик А. Е. Ферсманның және профессор С. И. Руденконың басшылығымен ұйымдастырған Қазақстан және Алтай экспедицияларының жұмысына қатынасты. Ә. Марғұланның қазақ мәдениеті мен тұрмысын, әдет-ғұрпын, салт-санасын жетік білетіндігі экспедицияның антропологиялық отрядының жұмысына өлшеусіз септігін тигізді. Экспедициялық зерттеудің нәтижесі ретінде оның наймандар мен адайлар туралы жазған алғашқы ғылыми мақалалары да кезінде баспа жүзін көрді.

1929 жылы Ә. Х. Марғұлан Абай творчествосы туралы жазылған диплом жұмысын ойдағыдай қорғап, институтты бітірді. Институтты бітірген соң ол Қазақ ССР Оқу ағарту Комиссариатының жанындағы Жаңа алфавит комитетінде қызмет істейді. 1931 жылы Әлкей Хақанұлы Ленинградтағы Мемлекеттік материалдық мәдениет тарихы академиясының аспирантурасына түседі. Мұнда ол аспирантурада оқи жүріп, академик С. Ф. Ольденбургтың және СССР ҒА корреспондент-мүшесі А. Ю. Якубовскийдің басшылығымен Шығыс елдеріне байланысты деректерді зерттейді, Шығыс Түркістан археологиясы мен өнері бойынша маманданады, еліміздің көрнекті археолог ғалымдары С. И. Руденко, М. П. Грязнов, А. А. Миллер, Н. И. Репниковтер басқарған бірнеше археологиялық экспедициялардың жұмысына қатынасады.

Кандидаттық диссертация есебінде Ә. Х. Марғұлан өте қиын және осы уақытқа дейін өзінің ғылыми мәнділігін жоймаған «Хандар жарлығының тарихи маңызы» атты соны тақырыпты таңдады. Шын мәнісінде бұл зерттеу қыпшақтардың жазба ескерткіштерін зерттеудің ең алғашқы бастамасы болатын. Әлкей Хақанұлы қыпшақ проблемасын қазақ халқының шығу тегінің шешуші кілті есебінде

бағалай отырып, оны осы уақытқа дейін өз назарынан әсте тыс қалдырмайды. Қыпшақ проблемасы тек қазақ халқының этникалық тарихымен ғана емес, сонымен бірге Орталық және Орта Азия, Оңтүстік-шығыс Европада мекендейтін көптеген түрік тілдес халықтардың тарихымен де тығыз байланыстылығы баршаға аян. Олай болса Ә. Х. Марғұланның және оның көптеген шәкірттерінің қыпшақтар туралы зерттеулерінің Евразияның басқа да көптеген халықтарының тарихына бірдей қатысы бар. 1943 жылы ол кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғап шықты.

1936 жылдан 1938 жылға шейін ол стажер, сонан кейін СССР ҒА Қазақ филиалы Тарих институтының ғылыми қызметкері. 1938 жылы СССР ҒА Президиумының ұйғаруы бойынша СССР ҒА Қазақ филиалына жіберілді. Содан бері ол СССР ҒА Қазақ филиалында, кейін Қазақ ССР Ғылым академиясы болып құрылған филиал жүйесінде үздіксіз қызмет атқарады. 1941—1946 жж. ол тарих секторын басқарды, 1946—1951 жылдары археология секторын, ал 1957 жылдан 1976 жылдарға дейін Қазақ ССР ҒА Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының этнография бөлімін басқарды. 1976 жылдан ол палеолит бөлімінің аға ғылыми қызметкері.

Академик Ә. Х. Марғұлан қазақ халқының этникалық тарихын, материалдық және рухани мәдениетін ғылыми тұрғыда өте терең және кең ауқымда зерттейтін үлкен ғұлама. Бұған көп жағдайда оның Ленинградта оқыған кезінде сан ғылымдар саласын жете меңгеріп, лингвистика, филология, өнер, тарих, археология және этнография пәндерінің ойына тоқыған қыруар білім, таным қорларының молдығының көмектескендігі даусыз. Сайып келгенде мұның бәрі оның табиғи ақыл-ой парасаты, ерен еңбекқорлығымен берік ұштасып, Ә. Х. Марғұланның Қазақстан ғылымының көптеген салаларының, атап айтқанда қола дәуірі мен орта ғасырлық археологияның, Қазақстан жерінде мекендеген көне халықтар тарихының, қазақ халқының мәдениет және өнер тарихының, этнографиясы мен археологиясының негізін салушы құрметіне бөленуі әбден заңды.

Ә. Х. Марғұлан 40-жылдардың басынан бастап көне жазба ескерткіштерді және қазақ халқының рухани мәдениетін, фольклорын жан-жақты зерттеумен бірге Қазақстан жеріндегі археологиялық ескерткіштер комплексін іздестіру, табу және зерттеу ісін алғашқылардың бірі болып бастады. Тікелей Әлкей Хақанұлының ынта-жігері арқасында Қазақстанның шөлді даласының түкпір-түкпіріне бірнеше археологиялық және этнографиялық экспедициялар ұйымдастырылды. Ә. Х. Марғұлан Қазақстан жеріндегі көне сауда жолдары мен көш соқпақтарын бойлай өтіп, кең-байтақ шөлді далалардан, құлазыған құмдардан ондаған жаңа археологиялық ескерткіштер тауып, олар-

ды ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттеп, ғылым әлеміне белгілі болды. Ә. Х. Марғұланның ғылыми ізденістерінің нәтижесінде Қазақстанда археологиялық және этнографиялық зерттеулердің берік іргетасы қаланып, Қазақстанда тегеурінді көне мәдениеттің ізі табылды. Бұрынғы көптеген зерттеушілер мен саяхатшылардың Қазақстан жерін ежелден бері көшпенділердің бірнеше көш жолдары ғана кесіп өтетін тіршіліксіз құба жон деген пікірлерінің теріс екендігі дәлелденді. Қазақстан жерінде тіршіліктің, көне мәдениеттің болғандығын, бірақ әр түрлі жағдайларға байланысты олар үзіліп, көне қоныстарды құм басқанын ғылыми тұрғыда анықтады. Оңтүстік Қазақстандағы Сыр, Талас және Шу өзендерінің бойынан көне қола мәдениеттің іздерін ашты. Отырар, Тараз, Сайрам және Сығанақ қалаларында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізумен бірге сан алуан көне аңыз әңгімелер, ертегілер мен эпикалық жырлар нұсқаларын ел арасынан көптеп жинады, қазақтың материалдық және рухани мәдениетімен де жіті шұғылданды.

Оның жан-жақты жүргізген археологиялық және этнографиялық зерттеулерінің нәтижесі 1950 жылы басылып шыққан Қазақстандағы көне қалалар тарихы жайындағы көлемді монографиялық еңбегі болды<sup>1</sup>. Бұл кітапта бірінші рет көне Қазақстандағы барлық қала цивилизациясының негізгі орталықтарына түгелдей жан-жақты ғылыми сипаттама, терең талдау жасалған. Қазақстанда бір-бірімен тығыз байланысты әр түрлі мәдени-шаруашылық типтердің болғандығын да Ә. Х. Марғұлан бірінші рет күн тәртібіне қойып, оны жан-жақты зерттеудің қажеттігін уағыздады. Ол кезде Қазақстанның археологиялық зерттеу тұрғысында ғылым үшін берері болымсыз деушілер пікірі басым болғандықтан да, оның бұл саладағы ғылыми зерттеулерінің маңызы аса зор болды. Сондықтан да Ә. Х. Марғұланды Қазақстандағы археология ғылымының негізін салушылардың бірі деуіміз әбден орынды.

Ә. Х. Марғұланның көп жылдар бойы қазақ халқының мәдениет тарихы жайында жүргізген сан қырлы зерттеулерінің нәтижесі есебінде ол 1945 жылы «Қазақ халқының эпикалық жырлары»<sup>2</sup> туралы докторлық диссертация қорғады, бірнеше ғылыми еңбектер жарияланды. Әлкей Хақанұлының қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысын, әдет-ғұрып, салт-санасын жан-жақты терең білгірлігі, көшпенділік

<sup>1</sup> Марғұлан А. Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алма-Ата, 1950.

<sup>2</sup> Марғұлан А. Х. Эпические сказания казахского народа: Дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1945.



өмірдің қыр-сырына қанықтығы оның эпикалық жанрдағы зерттеулерінің жан-жақтылығы мен ғылыми тереңдігінің басты шарты болды.

1946 жылы СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы Қазақ ССР Ғылым академиясына айналды да, республиканың көрнекті ғұлама ғалымы Ә. Х. Марғұлан академияның корреспондент-мүшесі, ал 1958 жылы толық мүшесі болып сайланды. 1960 жылы оған профессор атағы берілді.

Соғыстан кейінгі жылдарда Ә. Х. Марғұланның негізгі ғылыми зерттеу жұмысы көне мәдени ескерткіштерге өте бай, бірақ шын мәнісінде әлі зерттелмей, ғылым үшін беймәлім болып келген Орталық Қазақстанмен тікелей байланысты болды. Бұл атырапта ежелден бері жаңа заманға дейін мекендеген халықтар туралы антиалық және орта ғасырлық тарихи жазба ескерткіштерде ешбір мағлұматтардың жоқтығы баршаға белгілі жай. Сондықтан да бұл кең атыраптың зерттелмегендігі және ол туралы тарихи көне жазба деректердің болмауы қазақ даласында көне цивилизация ошақтарының болуы мүмкін емес, тіпті тіршіліктің өзі мұнда эпизодтық сипатта болды деген сияқты теріс теорияның қалыптасуына себеп болды.

Ә. Х. Марғұланның жүйелі түрде жүргізген ғылыми зерттеулері, көне мал шаруашылығы мен металлургияның маңызды орталықтарының бірі болған Орталық Қазақстанда тегеурінді қола мәдениетінің барлығы туралы жасаған қорытындылары дәстүрлі пікірлердің ғылыми негізсіздігін нанымды дәлелдеді.

Ә. Х. Марғұланның және оның бірқыдыру шәкірттерінің жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде бұрын, оның өз сөзімен айтқанда Алтай және Қара теңіз жағасындағы далада болған, екі көне цивилизацияның аралығында қыспақта тұншыққан, тіршіліксіз Орталық теңіз сияқтанған Орталық Қазақстан ғылым үшін маңызды көне мәдениет және цивилизация ошағы ретінде қайта ашылды.

30 жылдан астам уақыт ішінде Ә. Х. Марғұланның басшылығымен Орталық Қазақстанда жүйелі түрде археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, қола дәуірінің және алғашқы көшпенді тайпалардың мәдениеті жан-жақты зерттелді. Мұндай түбегейлі зерттеулер номадизм генезисінің негізгі кезеңдері, бұл атраптағы көне тұрғындардың мәдениеті мен шаруашылығының даму процесі және этномәдени байланыстың маңызы туралы ғылымдағы бірқыдыру пікірлердің қайта қаралуына ықпал етті. Қазіргі күнде Ә. Х. Марғұланның ғылыми еңбектерінің арқасында сақтар мәдениеті андрон мәдениетінің заңды жалғасы екендігі толық дәлелденсе, бұл екі мәдениеттің арасында Беғазы-Дәндібай мәдениетінің, дәнекерлік роль атқаратындығы ғылыми тұрғыда анықталып отыр. Орталық Қазақстанда

жүргізген археологиялық зерттеулердің алғашқы қорытындысы есебінде Ә. Х. Марғұланның басқаруымен және оның тікелей қатысуымен жазылған фундаментальды монографиялық еңбек Орталық Қазақстанның көне мәдениетін талдауға арналған<sup>3</sup>. Бұл зерттеу 1967 жылы Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Қазақ ССР Ғылым академиясының сыйлығына ие болды. Орталық Қазақстанда археологиялық зерттеудің екінші кезеңі Әлкей Хақанұлының Беғазы-Дәндібай мәдениеті туралы арнайы монографиясы мен бес томдық Қазақ ССР тарихында қарастырылған. Қазақ ССР тарихының бес томдығының жетекші авторының бірі ретінде Әлкей Хақанұлына 1982 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Ә. Х. Марғұланның «Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дәндібай мәдениеті»<sup>4</sup> атты кітабының басылып шығуы республиканың ғылыми өміріндегі үлкен уақиға іспеттес, өйткені ол кітап автордың көп жылдық зерттеу жұмыстарының жемісті қорытындысы, онда Орталық Қазақстанда қола дәуірінің соңында мекендеген көне тайпалардың шаруашылық, этникалық және мәдени тарихы жайындағы қиын проблемалар шешімін тапқан. Бұл фундаментальды еңбекте қола дәуіріндегі этно-мәдени тұтастықтардың даму процестерінің әр түрлі жақтары, әсіресе сақтар мәдениетінің негізі болған андрон мәдениетінің соңғы дәуірі егжей-тегжейлі талданған. Ә. Х. Марғұланның бұл кітабында бұрын ғылымға белгісіз болып келген қола дәуірінің соңғы кезеңіне жататын көптеген үлкенді-кішілі мәдени комплекстерді, шаруашылық түрлеріне байланысты археологиялық деректерді жүйеге келтіре отырып, солардың негізінде құнды ғылыми қорытындылар жасайды. Бұл қорытындыларының қола дәуірімен қатар ертеде темір дәуірін зерттеу үшін маңызы өте зор, келешекте де солай болмақ. Сөйтіп, бұл еңбек Орталық Қазақстанның көне тұрғындарының мәдениетін ғылыми тұрғыда зерттеуде үлкен жетістік, бір қадым алға басқандық екені даусыз.

Ә. Х. Марғұланның жұмыс стиліне тән ерекшеліктердің бірі — оның бірнеше проблеманы зерттеу ісін қатар жүргізе білуінде. Ол проблемалардың әрқайсысын орындау үшін ондаған ғалымдар көп жылдарын жұмсаған болар еді. Мәселен, 50-жылдардың ортасында оның басқаруымен аса көрнекті қазақ ғалымы Шоқан Уәлиханов жайында материалдар жинау ісі басталды. Ш. Уәлихановтың ғылы-

<sup>3</sup> Марғұланның А. Х., Ақишев К. А., Қадырбаев М. К., Оразбаев М. М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1966.

<sup>4</sup> Марғұланның А. Х. Беғазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1979.

ми еңбектерін архив қоймаларынан іздеп тауып, оларды жан-жақты зерттеу ісі жіті жүргізілді. Соның нәтижесінде 1958 жылы Ш. Уәлихановтың таңдамалы шығармалар жинағы басылып шықты. 1957—1967 жылдарда Ә. Х. Марғұланның басшылығымен Ш. Уәлихановтың бес томдық академиялық жинағы дайындалды. Бұл жұмыс ғалымнан қыруар еңбекті, жан-жақты білімділікті, таным-талғамдылықты, ғылымның сан саласынан жүйрік-білгірлікті талап етті. Ә. Х. Марғұлан мен оның көмекшілерінің ерінбей іздеуінің нәтижесінде бұрын баспа жүзін көрмеген ондаған жаңа еңбектер, қолжазбалар, хаттар, жазбалар т. б. документтер табылды. Ш. Уәлихановтың көптеген қолжазба мұрасын зерттеуге, шолуларын жасауға, кейбір сюжеттерін анықтауға қыруар еңбек сіңірілді. Сайып келгенде мұншалықты мол еңбектің нәтижесі 1961—1972 жылдары Ш. Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағын дүниеге келтірді. Ш. Уәлихановтың өмірі мен қызметі жөніндегі таңдамалы шығармаларының 1-томындағы Ә. Х. Марғұлан жазған алғы сөз Шоқантану ғылымын дамытудағы ғылыми еңбектердің ішіндегі маңызды пікір болып табылады. Қазір Ә. Х. Марғұланның басшылығымен Шоқанның бес томдық мұралары оның туғанына 150 жыл толуы қарсаңына 1985 жылы қайтадан басылып шықпақ. Шоқан мұрасын көп жылдар бойы зерттеудің заңды жалғасы ретінде Ә. Х. Марғұлан «Шоқан және Манас» атты монографияны жазуға қыруар еңбек сіңірді. Бұл жұмыста Әлкей Хақанұлы қырғыз эпосы «Манастың» әр түрлі нұсқаларын салыстыра отырып зерттеудің нәтижесінде «Манас» эпосына тамаша ғылыми талдау жасады. Ш. Уәлихановтың «Манасты» зерттеуге қосқан үлесін де анықтай түсті.

Ә. Х. Марғұлан Қазақстанның мәдениет тарихын зерттеу мәселесін ешқашанда өз назарынан тыс қалдырған емес. Басқа авторлармен бірге Қазақстанның орта ғасырлық архитектурасының тарихы туралы түбегейлі ғылыми монографияны бастырып шығарды. Қазірдің өзінде қазақтың қолөнері жайында үш томдық үлкен еңбегі басылуға дайындалды. Бұл үлкен еңбек көп жылдар бойы экспедиция кезінде ел арасынан, музейлер қорынан, архив қоймаларынан және мәдениет тарихына байланысты баспа жүзін көрген әдеби шығармалардан ерінбей жинаған қыруар нақты деректердің негізінде жазылған.

Бірнеше жыл этнография бөлімін басқара отырып Ә. Х. Марғұлан Қазақстанда этнография ғылымының дамуына да айтарлықтай ықпал етті. Оның басшылығымен және тікелей қатынасуымен «Қазақ колхозды ауылының мәдениеті мен тұрмысы» атты үлкен монографиялық еңбек басылып шықты. Ол Қазақстанда этнограф, археолог және тарихшы ғалымдардың сан ұрпағын дайындады, шәкірттерінің ішінде белгілі археологтар мен этнографтар аз емес. Оның

ішінде темір дәуірінің алғашқы кезеңін зерттеуші (М. К. Қадырбаев), көне түрік дәуірі (Ф. Арыстанов), қыпшақтардың этникалық тұтастығы (С. М. Ақынжанов), қазақтардың этникалық тарихы (С. М. Мұқанов), қазақтардың семья-некелік қатынастары (Х. А. Арғынбаев), исламға дейінгі діни сенімдер мәселесін зерттеуші (С. Ақатаев) т. б. айтуға болады.

Ә. Х. Марғұлан үлкен ғылыми, педагогикалық еңбекті ұйымдастыру ісімен де шебер ұштастыра біледі. Ол көп жылдар бойы Этнография бөлімін басқарды, қазақ халқының шығу тегі туралы Координациялық советті басқарды, онымен бірге Қазақ ССР тарихының барлық басылымдарында редколлегия мүшесі болды, Қазақ ССР ҒА Тарих, археология және этнография институтының Ғылыми советінің, Маманданған докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғау советтерінің мүшесі болды.

Ә. Х. Марғұлан дүние жүзі ғалымдарының сан алуан жиындарында, конгрестер мен симпозиумдарда ғылыми баяндамалар жасады. Әсіресе шығыстанушылардың XXV конгресінде «Орталық Қазақстанның жаңа табылған қола дәуірінің ескерткіштері», VII—VIII антропология және этнография ғылымдарының дүниежүзілік конгрестерінде жасаған «Қазақ киіз үйі», «Қазақстанның исламға дейінгі архитектурасы» атты баяндамалары ғылымға қосқан үлкен үлес ретінде жоғары бағаланып, ғалымдар назарын бірден аударды. Ә. Х. Марғұлан шетелдік шығыстанушы, археолог және этнограф ғалымдармен тығыз байланыс жүргізеді. Оның ғылыми еңбектерінің бірқатары шет тілдерінде де аударылған.

Ә. Х. Марғұлан Отанымыздағы көптеген ғылыми мекемелермен тығыз байланыс жасауға көп көңіл бөледі. Оны Москва, Ленинград, Новосибирск, Ташкент, Фрунзе және Душанбе қалаларына сан рет диссертациялық жұмыстарға оппоненттілікке шақырған. Ол Қазақстандағы тарихи ескерткіштерді қорғау мәселесіне ат салысып, көптеген пайдалы кеңестер береді, ғылым табыстарын радио, теледидар хабарлары арқылы уағыздау ісіне де көп көңіл бөлді. Алматы қаласында, қаладан тыс аудандарда да, әр түрлі тыңдаушы қауым алдында, лекциялар оқып, баяндамалар жасайды. Әдетте ғалымның мұндай кездесулері өте қызықты және өнегелі сипатта өтеді.

Көп жылдар бойы Ә. Х. Марғұлан 300-ден астам ғылыми зерттеу жұмыстарын жариялады және Үлкен совет, Қазақ совет энциклопедияларына 100-ден астам мақалалар жазды. Ғылымдағы үздік табыстары үшін ол Ленин, Еңбек Қызыл Ту және Халықтар достығы ордендері мен «1941—1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін», «Ерлік еңбегі үшін. Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» медальдарымен және Қазақ ССР Жоғарғы Совет-



тінің грамоталарымен, СССР ҒА-ның, ЛКЖО ОК-ның Құрмет грамоталарымен наградталды. 1961 жылы оған Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері атағы берілді.

Ғылымның сан саласын жете меңгерген парасатты ғұлама, Қазақстанда археология ғылымының негізін салушы зерделі зерттеуші-ғалым, ғылымның көрнекті ұйымдастырушысы, аяулы азамат және педагог Ә. Х. Марғұланды бүкіл қазақ жұртшылығы жақсы біледі, езінің адал ұлдарының бірі есебінде құрмет тұтады. Дүниенің қырсырын тану, ғылымда жаңалық ашу жолында толастау, тоқырауды білмейтін құрметті Әлкей Хақанұлы көптеген жора-жолдас, достарының, шәкірттерінің, оның талантын сыйлаушы дүйім қауымның арасында өзінің 80 жылдық мерекесін кемелденген шағында, сергек қарсы алғалы отыр.

—  
*Тарих ғылымының докторы,  
профессор Х. А. Арғынбаев*

*Тарих ғылымының кандидаты  
Н. Е. Масанов*

**КРАТКИЙ ОЧЕРК НАУЧНОЙ,  
ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ И ОБЩЕСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ  
АКАДЕМИКА АКАДЕМИИ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР  
А. Х. МАРГУЛАНА**

В мае 1984 г. исполнилось 80 лет со дня рождения и 60 лет научно-педагогической и общественной деятельности академика АН КазССР, доктора филологических наук, профессора, заслуженного деятеля науки Казахской ССР, видного ученого во многих областях знаний — в археологии, этнографии, востоковедении, истории, филологии — Алькея Хакановича Маргулана.

А. Х. Маргулан родился 11 мая 1904 г. в ауле № 2 Акпеттинской волости (ныне Баянаульский район Павлодарской области) в семье шаруа (крестьянина-скотовода). Начальное образование получил в аульной школе. С 1915 г. учился в трехклассной русской школе, организованной аульным обществом в Баянауле. В конце 1919 г. поступил на учительские курсы в г. Павлодаре, окончив которые в 1920 г., возвратился в родной аул и работал учителем во второй Далбинской школе I ступени в Баянаульском районе. Чувствуя недостаточность образования, он в 1921 г. поступает в Семипалатинский педагогический техникум, а в 1925 г. успешно заканчивает его.

В годы учебы в Семипалатинске Алькей Хаканович сотрудничает в редакциях журнала «Таң» и газеты «Қазақ тілі». Здесь же он знакомится с Мухтаром Омархановичем Ауэзовым, дружба с которым связывает его на долгие годы. По совету М. О. Ауэзова в 1925 г. Алькей Хаканович едет учиться в Ленинград, где поступает на литературный факультет Восточного института. Одновременно он посещает лекции в Ленинградском университете и Институте истории искусств. Среди учителей А. Х. Маргулана — выдающиеся ученые нашей страны. Ему посчастливилось слушать лекции академика В. В. Бартольда по истории и археологии Средней Азии, академика С. Ф. Ольденбурга по индийскому фольклору и искусству, академика И. Ю. Крачковского по арабской исторической литературе, академика Н. Я. Марра по истории и теории языкознания, академика А. Н. Самойловича по литературе тюркских народов Средней Азии, академи-

ков В. В. Струве, Б. Я. Владимирцова, И. И. Мещанинова, В. Л. Щербы, а также Е. Э. Бертельса, С. Е. Малова, Б. М. Эйхенбаума и др.

Успешно осваивая основы наук в Ленинграде, А. Х. Маргулан увлекается сбором литературных, архивных материалов по истории и культуре казахского народа. В эти годы он занимается и литературной деятельностью. В его переводе казахский читатель впервые познакомился с произведениями выдающихся русских и зарубежных писателей.

В 1926—1927 гг. он принимает участие в Казахстанской и Алтайской экспедициях Особого комитета по исследованию союзных и автономных республик АН СССР под руководством академика А. Е. Ферсмана и профессора С. И. Руденко. Знание А. Х. Маргуланом быта, обычаев, нравов и культуры казахского народа оказало большую практическую помощь в работе антропологического отряда экспедиции. Результатом участия А. Х. Маргулана в работе экспедиции явилась публикация им первых научных статей, в которых он охарактеризовал некоторые этнические группы казахского народа, в частности найманов и адаевцев.

В 1929 г. Алькей Хаканович заканчивает учебу в Восточном институте, успешно защитив дипломную работу о творчестве Абая. Затем он работает в Комитете нового алфавита при Наркомпросе КазССР. В 1931 г. А. Х. Маргулан поступает в аспирантуру Государственной академии истории материальной культуры в Ленинграде. Здесь он вплотную занимается изучением восточных источников под руководством академика С. Ф. Ольденбурга и члена-корреспондента АН СССР А. Ю. Якубовского, специализируется по археологии и искусству Восточного Туркестана, принимает участие в работе ряда археологических экспедиций, возглавляемых виднейшими археологами нашей страны: С. И. Руденко, М. П. Грязновым, А. А. Миллером, Н. И. Репниковым.

Для своей кандидатской диссертации А. Х. Маргулан выбрал сложную, малоизученную и до сих пор актуальную проблему — «Историческое значение ярлыков и пайцзе». По сути дела, это была одна из первых попыток исследования письменных памятников кыпчакской этнокультурной общности. Справедливо считая кыпчакскую проблему ключевой в этногенезе казахского народа, Алькей Хаканович до сих пор не упускает ее из поля зрения. Как известно, она тесно переплетена не только с этнической историей казахов, но и с историей многих тюркоязычных народов Средней Азии и Юго-Восточной Европы, поэтому исследования А. Х. Маргулана и ряда его учеников о кыпчаках проливают свет на историю многих средневековых

народов Евразии. В 1943 г. им успешно была защищена кандидатская диссертация.

С 1936 по 1938 г. он является стажером, а затем и научным сотрудником Института истории материальной культуры АН СССР. В конце 1938 г. решением Президиума АН СССР А. Х. Маргулан был направлен в Казахский филиал АН СССР. С тех пор он непрерывно работал в системе КазФАН СССР, преобразованном позднее в Академию наук Казахской ССР. В 1941—1946 гг. он заведует сектором истории, в 1946—1951 гг. — сектором археологии и отделом палеолита, а с 1958 по 1976 г. — отделом этнографии Института истории, археологии и этнографии им. Ч. Ч. Валиханова АН КазССР. С 1976 г. он — старший научный сотрудник отдела этнографии.

Солидное образование в сочетании с пытливостью ума и исключительным трудолюбием обеспечило ему почетное право первооткрывателя во многих областях казахстанской науки: археологии эпохи бронзы и раннего средневековья, истории народов региона и истории культуры и искусства, этнографии и филологии казахского народа.

С начала 40-х гг. Алькей Хаканович наряду со всесторонним изучением письменных памятников и исследованием духовной культуры и фольклора казахского народа одним из первых начинает специально заниматься поиском археологических комплексов материальной культуры древних насельников Казахстана. По его инициативе был организован ряд археологических и этнографических экспедиций в самые глубинные районы казахстанских степей и пустынь. А. Х. Маргулан прошел маршрутами древних караванных путей и кочевок казахов тысячи и тысячи километров, отыскал и выявил десятки археологических памятников, систематически их описал и всесторонне исследовал. Он доказал, что Казахстан не был, как полагали до него многие исследователи, безжизненной пустыней, которую изредка пересекали кочевые пути номадов, что и здесь была жизнь, которая в силу различного рода причин прерывалась. Именно А. Х. Маргуланом были обнаружены и изучены основательно следы древней городской культуры Южного Казахстана в бассейнах рек Сырдарья, Таласа и Чу. Он произвел предварительные археологические раскопки на Отраре, Таразе, Сайраме и Сыгнаке. Одновременно он собрал массу образцов казахских преданий и сказаний, легенд и эпических произведений, записал их различные варианты.

Результатом его многоплановых археологических и этнографических исследований стала изданная в 1950 г. монография «Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана», в которой впервые были описаны все крупнейшие центры городской ци-



визации на территории республики, дан их глубокий, научно обоснованный анализ. Именно А. Х. Маргулан впервые поставил вопрос о наличии в Казахстане и взаимодействии различных типов хозяйственно-культурной деятельности, показал необходимость их всестороннего изучения. Значимость исследований Алькея Хакановича в этой области трудно переоценить, поскольку в то время преобладало мнение о том, что в археологическом отношении Казахстан не представляет для науки интереса. И ныне мы по праву считаем А. Х. Маргулана одним из зачинателей казахстанской археологической науки.

Результатом его исследований в области истории культуры казахского народа явилась защита в 1945 г. докторской диссертации на тему «Эпические сказания казахского народа» и публикация ряда статей по данной проблеме, в которых вопросы эпического жанра получили глубокое и всестороннее исследование.

В 1946 г. Казахский филиал АН СССР преобразуется в Академию наук Казахской ССР, а А. Х. Маргулан как видный ученый республики избирается ее членом-корреспондентом, а в 1958 г. — действительным членом. В 1960 г. ему было присвоено ученое звание профессора.

